

Тіркеу № 123
«18» тамыз 2023ж.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының
«15» тамыздағы 2023ж. № 60
хаттамасымен бекітілді

**Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін
жүзеге асыру қағидалары**

«БЖЗҚ» АҚ хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар:

№	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Бекітілген күн	хаттама №	тіркеу №
1	Басқарма хаттамасы	«25» желтоқсан 2025 ж.	№71	№115
2	Басқарма хаттамасы	«__» _____ 202__ ж.	№__	№__
3	Басқарма хаттамасы	«__» _____ 202__ ж.	№__	№__
4	Басқарма хаттамасы	«__» _____ 202__ ж.	№__	№__

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының «__» _____ 202__ ж. №__ хаттамасымен
күші жойылды деп танылды.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары	2-бет 8-ден
---	---	----------------

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс), «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлға (бұдан әрі – зейнетақы жарналарын алушы) арасындағы құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін белгілейді.

2. Осы Қағиданың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар қолданылады:

1) ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЕЗЖ) – ЕЗЖ-ның салымшылары Қазақстан Республикасының заңнамасында және ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта айқындалатын тәртіппен зейнетақы төлемдерін алушының пайдасына БЖЗҚ-ға өз бастамасы бойынша салатын ақша және (немесе) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес БЖЗҚ-ға аударатын кепілдік берілген депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – БЖЗҚ) – зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті, сондай-ақ осы Кодексте айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын заңды тұлға;

3) жеке зейнетақы шоты (бұдан әрі – ЖЗШ) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзі үшін ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның (зейнетақы төлемдерін алушының) ЕЗЖ, инвестициялық кіріс, өсімпұл және өзге де түсімдер есепке алынатын және зейнетақы төлемдері жүргізілетін жеке атаулы шоты;

4) зейнетақы төлемдерін алушы (бұдан әрі – алушы) – БЖЗҚ-дан ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдері тағайындалған жеке тұлға.

3. Зейнетақы төлемдері:

1) алушы дербес айқындайтын тәртіппен Кодекстің 223-бабының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда ай сайын, жыл сайын немесе біржолғы толық көлемде;

2) егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе Кодекстің 223-бабының 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда бір рет жүзеге асырылады.

Зейнетақы төлемдері БЖЗҚ ішкі нормативтік құжатымен бекітілген нысан бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініште (бұдан әрі – төлемге өтініш) көрсетілген көлемде, ЕЗЖ аударылған жеке тұлғаның ЖЗШ-да бар сома шегінде жүзеге асырылады.

3) Кодекстің 225-бабының 1-тармағының екінші азат жолында көзделген жағдайда, ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалануға өзі үшін ЕЗЖ аударылған жеке тұлғаның зейнетақы аннуитеті шарты және келісімі негізінде зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару арқылы жүзеге асырылады.

4. Зейнетақы жинақтарын айырбастау және алушылардың шетелдік банктерде ашылған банктік шоттарына есепке жазу бойынша көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, оларды аударуға, есепке жазуға және төлеуге байланысты банктік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу БЖЗҚ-ның меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Егер БЖЗҚ-ға ұсынылған құжаттарды шетелдік ұйымдар мен мекемелер берген жағдайда, сондай-ақ құжат көшірмесінің түпнұсқамен дұрыстығын, алушының төлемге өтініштегі қолының түпнұсқалығын куәландыру, сенімхатты куәландыру бөлігіндегі нотариаттық іс-әрекеттер шет мемлекетте жүргізілсе, онда көрсетілген құжаттар, сондай-ақ куәландыру жазбалары және олардың мемлекеттік немесе орыс тіліне аудармасы,

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары	3-бет 8-ден
---	---	----------------

«Құжаттарды заңдастыру» мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін реттейтін құжаттарды заңдастыру қағидаларына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған өзге де халықаралық шарттарға сәйкес заңдастырылуы тиіс.

2-тарау. БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі

1-параграф. Елу жасқа толған және мүгедектік белгіленген жағдайда

6-тармаққа «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 25.12.2025 ж. №71 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес өзгерістер енгізілді.

6. БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу мақсатында өзі үшін ЕЗЖ аударылған жеке тұлға (бұдан әрі – Өтініш беруші) Кодекстің 223-бабының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар басталған кезде БЖЗҚ-ға жеке өзі жүгінген кезде:

- 1) төлемге өтінішті;
- 2) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжатты (сәйкестендіру үшін);
- 3) өтініш берушінің банктік шоты туралы мәліметтерді;
- 4) **алынып тасталды.**

Өтініш беруші БЖЗҚ интернет-ресурсы арқылы жүгінген кезде төлемге өтініш оның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылады.

Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат деректемелерінің өзектілігін растайтын мәліметтер (құжаттың түрі, сериясы, нөмірі, берілген күні және органы, қолданылу мерзімі), оның ішінде осы құжаттың жарамдылығы туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат түрінде веб-сервис арқылы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен (бұдан әрі – МО АЖ) ұсынылады.

Бұл ретте Өтініш берушінің БЖЗҚ интернет-ресурсы арқылы жүгіну тәртібі БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжатымен регламенттелген.

7. Егер Өтініш беруші Кодекстің 223-бабының 1-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген адамдар болса, БЖЗҚ халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның «МОДБ» АЖ-дан Өтініш берушіге мүгедектіктің белгіленгені туралы мәліметтерді сұратады.

«МОДБ» АЖ-да Өтініш берушінің белгіленген мүгедектігі бар екені туралы мәліметтер болмаған жағдайда БЖЗҚ Өтініш беруші өтініш берген күні БЖЗҚ-ның ішкі құжатында бекітілген нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы бас тарту себебін көрсетілген қолхат тапсырып, өтінішті қабылдаудан бас тартады.

2-параграф. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда

8-тармаққа «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 25.12.2025 ж. №71 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес өзгерістер енгізілді.

8. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, зейнетақы жинақтары бар, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар (бұдан әрі – Өтініш беруші) БЖЗҚ-ға жеке өтініш жасаған кезде мыналарды ұсынады:

- 1) төлемге өтініш;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары	4-бет 8-ден
---	---	----------------

2) Өтініш берушінің шетелдік төлқұжатының түпнұсқасы (сәйкестендіру үшін). Бұл ретте азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын, шет мемлекет берген және азаматтығы жоқ адамның құқықтық мәртебесін растайтын құжатты ұсынады;

3) Өтініш берушінің банктік шоты туралы мәліметтер.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды алған кезде БЖЗҚ Қазақстан Республикасы МО АЖ-дан өтініш білдірген Өтініш берушінің Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарының не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің бар-жоғы және оның жарамдылығы туралы мәліметтерді сұратады.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттардың не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне не шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттың күші жойылуына не Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуына, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуына байланысты өтініш жасаған Өтініш берушінің Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің болмауы немесе жарамсыздығы туралы мәліметтер алынған жағдайда БЖЗҚ зейнетақы төлемін Қағиданың 22-тармағында белгіленген мерзімде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттардың не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты не Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің бар-жоғы және жарамдылығы туралы мәліметтерді алған жағдайларда БЖЗҚ өтініш берілген күні өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат бере отырып, өтінішті қабылдаудан не құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бас тарту себебі көрсетілген хабарлама жіберу арқылы өтінішті орындаудан бас тартады.

3-параграф. Зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда

9. БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда оның отбасы мүшелеріне БЖЗҚ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 94 еселенген мөлшерінде, бірақ қайтыс болған адамның ЖЗШ-да бар қаражатынан аспайтын шекте қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарының қаражаты есебінен жерлеуге арналған бір мәрте төлем жүргізеді.

Егер қайтыс болған адамның ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарының қалдығы жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен аспайтын соманы құраған жағдайда, бұл қалдық қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне жерлеуге арналған төлем ретінде төленеді.

Жерлеуге арналған біржолғы төлем қайтыс болған адамның міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және (немесе) ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының жиынтық сомасы шегінде Қағиданың осы тармағының бірінші азат жолында көрсетілген көлемде жүзеге асырылады.

10. ЕЗЖ есебінен БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесі жерлеуге арналған біржолғы төлемді алу үшін БЖЗҚ-ға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) төлемге өтініш;

2) БЖЗҚ ішкі нормативтік құжатымен бекітілген нысан бойынша кіріске түзету қолдануға өтініш (Қазақстан Республикасы резиденттері үшін);

3) БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің жеке басын куәландыратын құжаты (сәйкестендіру үшін);

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары	5-бет 8-ден
---	---	----------------

4) МО АЖ-да БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамның қайтыс болғаны туралы мәлімет болмаған жағдайда, оның қайтыс болғаны туралы куәліктің түпнұсқасы немесе зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариатта куәландырылған көшірмесі ұсынылады;

5) МО АЖ-да өтініш жасаған адамның қайтыс болған адаммен туыстық байланысын растайтын мәліметтер болмаған жағдайда, өтініш жасаған адамның қайтыс болған адаммен туыстық байланысын растайтын құжаттың түпнұсқасы ұсынылады;

6) БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің банктік шоты туралы мәліметтер.

Зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің ЭЦҚ-мен куәландырылған төлемге өтініші МО АЖ-да Қағиданың осы тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген құжаттар туралы мәліметтер болған жағдайда БЖЗҚ-ның интернет-ресурсы арқылы БЖЗҚ-ға ұсынылады (БЖЗҚ техникалық іске асырғаннан кейін).

11. БЖЗҚ-да ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

12. БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын алу үшін оның мұрагері (мұрагерлері) мынадай құжаттар ұсынады:

1) төлемге өтініш;

2) мұрагердің жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

3) МО АЖ-да БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамның қайтыс болғаны туралы мәлімет болмаған жағдайда, оның қайтыс болғаны туралы куәліктің түпнұсқасы немесе зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариатта куәландырылған көшірмесі ұсынылады;

4) мұрагерлік құқығы туралы куәліктің түпнұсқасы немесе нотариатта куәландырылған көшірмесі не мұрагерлік мүлікті бөлу туралы келісімнің түпнұсқасы немесе нотариатта куәландырылған көшірмесі не заңды күшіне енген сот шешімі;

5) мұрагердің банктік шоты туралы мәліметтер.

14 жастан 18 жасқа дейінгі жастағы кәмелетке толмаған мұрагер өтініш жасаған кезде қосымша мыналарды ұсынады:

1) кәмелетке толмаған мұрагердің туу туралы куәлігінің көшірмесі және салыстыру үшін түпнұсқасы;

2) жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН) тіркеу туралы куәліктің көшірмесі не 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған тұлғаның туу туралы куәлігінде ЖСН болмаған жағдайда Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжатының көшірмесі (Қазақстан Республикасының азаматтары үшін) және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

3) кәмелетке толмаған мұрагердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (мұрагердің жасы 16-дан 18 жасқа дейінгі жағдайда) және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы не нотариатта куәландырылған көшірмесі;

4) заңды өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы не қамқоршылық тағайындалғанын растайтын құжат: қамқоршыны тағайындау туралы анықтаманың немесе баланы патронатқа тәрбиелеуге беру туралы шарттың немесе жергілікті атқарушы органның қамқоршылық тағайындалғанын растайтын актісінің көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

5) БЖЗҚ-да мұраға қалдырылған зейнетақы жинақтарын алу үшін 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған мұрагерге төлемге өтініш беру үшін заңды өкілдің жазбаша келісімі.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары	6-бет 8-ден
---	---	----------------

13. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1083-бабына сәйкес иесіз мүлік деп танылған ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарына сот актісі бойынша жүгінген адамдар БЖЗҚ-ға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) заңды күшіне енген сот актісі;
- 2) банктік шоты туралы мәліметтер.

4-параграф. БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің тәртібіне қатысты жалпы ережелер

14. БЖЗҚ-ға шоттардың әртүрлі түрлерінен төлемдерге өтініштер берілген жағдайда құжаттардың бірыңғай топтамасы ұсынылады.

15. Төлемге өтініш пошта байланысы құралдары арқылы берілген кезде Қағиданың 6, 8 және 12-тармақтарында көрсетілген жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмесін, төлемге өтініштегі және салықтық шегерім қолдануға өтініштегі (бар болса) олардың қолын нотариатта куәландырады (нотариатта куәландыру тұрғылықты мемлекетте жүргізілетін жағдайда).

16. Төлемге өтініш үшінші тұлға арқылы берілген жағдайда үшінші тұлға (сенім білдірілген адам, заңды өкіл) Қағиданың 6, 8 және 12-тармақтарында көрсетілген құжаттарға қосымша үшінші тұлға (14 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының резиденттері-кәмелетке толмаған мұрагерлерді қоспағанда):

- 1) үшінші тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатты (сәйкестендіру үшін);

Бұл ретте өтініш берушінің, мұрагердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін нотариатта куәландырады (нотариатта куәландыру тұрғылықты мемлекетте жүргізілетін жағдайда);

- 2) заңды өкіл өтініш жасаған жағдайда заңды өкілдің мәртебесін растайтын құжатты;

3) сенімхаттың нотариатта куәландырған түпнұсқасын немесе оның нотариатта куәландырған көшірмесін;

4) ЖСН тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі не кәмелетке толмаған тұлғаның туу туралы куәлігінде ЖСН деректемесі болмаған жағдайда (туған күні 2007 жылғы тамызға дейінгі) Қазақстан Республикасы азаматы төлқұжатының көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

5) заңды өкілдің мәртебесін немесе кәмелетке толмаған тұлғаға қорғаншылық тағайындалғанын растайтын құжат (туу туралы куәлік немесе қорғаншыны не қамқоршыны тағайындау туралы анықтама немесе баланы патронатқа тәрбиелеуге беру туралы шарт) немесе жергілікті атқарушы органның қорғаншылық немесе қамқоршылық тағайындалғанын растайтын актісі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

6) әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншылықтың немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамға қамқоршылықтың тағайындалғанын растайтын құжат (қорғаншының (қамқоршының) куәлігі немесе қорғаншыны (қамқоршыны) тағайындау туралы анықтама немесе қорғаншының/қамқоршының мәртебесін растайтын өзге де құжат.

17. Үшінші тұлғаның БЖЗҚ-ға төлемге өтініш беруі тек жеке өзі өтініш жасаған кезде ғана жүзеге асырылады.

18. Осы Қағидада көрсетілген құжаттарды МО АЖ-дан, оның ішінде цифрлық құжаттардың сервисінен алуға мүмкіндік болса, оларды ұсыну талап етілмейді.

19. МО АЖ-дан қабылданған құжаттар мен мәліметтер негізінде БЖЗҚ істің электрондық макетін қалыптастырады және оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысында белгіленген тәртіп пен мерзімдерде сақтайды.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары	7-бет 8-ден
---	---	----------------

Бұл ретте алушылардың банктік шоты туралы мәліметтер, сондай-ақ МО АЖ-дан алынған мәліметтер электрондық түрде сақталуы мүмкін.

20. БЖЗҚ-ға ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының төлемдері үшін жүгінген адамдарға БЖЗҚ-ға құжаттар топтамасын пошта байланысының құралдары арқылы жіберген адамды қоспағанда, БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжатымен бекітілген нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат тапсырылады.

21. БЖЗҚ зейнетақы төлемдерін, жерлеуге арналған біржолғы төлемді деректемелері төлемге өтініште көрсетілетін Қағиданың 6, 8, 10 және 12-тармақтарында көрсетілген адамдардың, сондай-ақ 13-тармақта көрсетілген адамдардың банктік шотына аударады.

22. БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдері Қағиданың 6,8,10, 12 және 13-тармақтарында көрсетілген адамдарға Қағидада көзделген құжаттар БЖЗҚ-ға қабылданған не түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

23. БЖЗҚ-дан жерлеуге арналған біржолғы төлем БЖЗҚ-жа зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесіне Қағидада көзделген құжаттар қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

24. Зейнетақы жинақтарын айырбастау және алушылардың шетелдік банктерде ашылған банктік шоттарына есепке жазу бойынша көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, оларды аударуға, есепке жазуға және төлеуге байланысты банктік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу БЖЗҚ-ның меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3-тарау. Қорытынды ережелер

25. Қағида, оған өзгерістер мен толықтырулар, сондай-ақ Қағиданың жаңартылған редакциясы БЖЗҚ интернет-ресурсында және БЖЗҚ филиалдарында көзбен шолуға оңтайлы жерге орналастырылады.

26. Қағиданы, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды БЖЗҚ Басқармасы бекітеді.

27. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасының, Жарғының, Кодекстің өзгеруі нәтижесінде Қағиданың жекелеген нормалары олармен қарама қайшы келетін болса, Қағиданың осы нормалары күшін жояды және Қағидаға тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Кодексті басшылыққа алу қажет.

Басқарма Төрағасының м.а.

С. Егеубаева

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары	8-бет 8-ден
---	---	----------------

**Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін
жүзеге асыру қағидаларын келісу парағы**

Лауазым атауы	Аты-жөні	Қолы	Ескерту
Басқарма Төрағасының орынбасары	А. Мадиева		
Басқарушы директор	Ж. Тулегенова		
Заң департаменті директорының м.а.	А. Бимен		
Өңірлік даму департаментінің директоры	М. Мусабекова		
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасы бастығының м.а.	Б. Сарсенов		

Осы арқылы қағаздағы туынды құжаттың электрондық нұсқада келісілген құжатқа сәйкес келетінін растаймыз.

Өзірлеуші:

Төлемдер және хабарландыруды ұйымдастыру
департаментінің директоры

(қолы) Н. Рахимова